

**Оқушылардың дербес жаттығуы.** Қозғалыс қасиеттерін дамыту үшін жоғарыда келтірілген жаттығулар кешені оқушылар дербес жаттыққан кезде табысты пайдаланылуы мүмкін, оларды не өздері таңдайды немесе мұғалімнің тапсыруымен орындайды. Бұл тапсырмалар сынып үшін жалпы болуы немесе жоғары сынып оқушыларының қозғалыс дайындығының деңгейін есептей отырып жекелей де болуы мүмкін.

Мұғалім оқушыларға өзін-өзі бақылау күнделігін жүргізуді ұсына алады. Олар онда үй тапсырмаларының орындалуын, өз қозғалыс дайындығының өскендігі мен денеге түскен күшті (ауырлықты) көтерудің негізгі көрсеткіштерін үнемі белгілеп отырады (өзін-өзі сезіну, ұйқы, тәбет, тамыр соғысы). Осы күнделікте нормативтер мен талаптарды оқушылардың орындауы да белгіленеді.

Жоғарыда баяндалғандарды орындау барысында қозғалыс дағдыларын меңгеру мен дене қасиеттерін жетілдіру үшін дербес тұрақты жаттығу қажеттілігі қалыптасады, болашақ жауынгерлердің дене дайындығына қойылатын білімдер жинақталады.

Әдебиеттер:

1. Тайжанов С., Қарақов А. «Дене тәрбиесі» III кітап. (оқулық), Алматы. «Эверо» 2012. 424 б.
2. Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесін үйретудің әдістері оқу құралы. Алматы. «Казстатақпарат» ЖШС. 2008. 315б.
3. Қарақов А., Әбішев. К. «Қозғалыс белсенділігі дене тәрбиесінің бастауы» әдістемелік құрал. Алматы. 2017. 134б. ЖШС Алманах.
4. Волков Л.В. «Физические способности детей и подростков» г. Киев 1981. 117б.
5. Неменко Б., Оспанова Г. «Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы» Алматы. 2002ж.

Бірақ Ж.Б., Нуркеев Р.Ж.  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Бираяков К.К.  
Ұлытау ауданы білім бөлімінің «№14ЖББМ» КММ  
Башерлан Н.Б.  
Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№23 ЖББМ»КММ

## **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА САБАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалды.

Педагогикалық технологияларды қалыптастыру мәселесі көптен бері қарай зерттеліп келе жатқан мәселелердің бірі болғанымен мектеп оқушыларының алғашқы әскери және технологиялық дайындық мамандығына бағыттылығын қалыптастыру қажеттігі бар. Сонымен бірге жаңартылған білім бағдарламасы тәрбие жұмыстары арқылы педагогикалық бағыттылық қалыптастыру мүмкіндігі де ескерілмей қалған жоқ.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтарында оқытудың жаңа педагогикалық технологиядарын қолдана отырып ұйымдастыру және жүргізу өз септігін тигізеді.

«Жобалап оқыту» технологиясы бойынша сабақ құрылымын жобалау түрі. Оның негізін психолог және педагог, философ Джон-Дьюи негізін қалаған. Оның ойынша, технологияның негізі – оқушы жастардың өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау деп пайымдайды[1, 42].

Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, дамыту, білімдерін

жетілдіріп, ойлау қабілеттерін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Егер оқушы жобасы тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады. Осы жобалап оқыту технологиясын орта оқу орындарында кез келген пәнге енгізуге болады. Мысалы, мектептерде АӘЖТД пәніне енгізу арқылы тактикалық дайындық сабағын одан әрі дамытып, білім деңгейін жоғарылатып, әр түрлі мәселелердің шешімін табуға болады. Сонымен қатар оқушылардың бойында тактикалық дайындық сабақтарында деген қызығушылығын оятып, оқушылардан одан әрі ізденістерді талап етеді. Жобалап, оқытуда оқушылар тек АӘЖТД сабағы ғана емес, сонымен қатар басқа да ғылым салаларын (мысалы: физика, география, математика және т.б.) қамтып, жан-жақты дамиды. Кез келген ғылым саласы жеке-дара дами алмайтындығын, олардың әрқашан басқа да ғылым салаларымен тығыз байланыста болатынын түсінеді.

Жобалап оқыту технологиясын енгізу арқылы оқушы тек бір ғана ғылым саласымен шектеліп қоймай, онымен байланыста болатын барлық ғылым салаларымен танысып, өз білім деңгейін одан әрі кеңейте түседі [2, 75]. Мәселен, жобалап оқыту технологиясын орта оқу орындарында АӘЖТД пәніне енгізуге болады.

Жалпы білім беретін орта мектеп және орта кәсіптік оқу орындарының тәрбие жұмысына қатысты еңбектерді зерделеу, осыған орай ғылыми - педагогикалық әдебиеттер мен жекелеген көлемді зерттеулер мен мақалаларды зерттей келе жалпы тәрбие жұмысының оқушы жастарға ықпал ету әлеуетінің толықтай пайдаланылмай келе жатқаны белгілі болды.

Қазіргі кең ауқымды ақпарат заманында оқу үрдісі оқушылар өмірінің барлық тұстарын толық қамти алмайды, болашақ мамандығы жайлы толық мәліметпен қамтамасыз ете алмайды, әсіресе практикалық дайындықты қажетті деңгейде жүзеге асыру мүмкін емес.

Демек, бұндай жағдайда тәрбие жұмысының мүмкіндіктерін кең пайдалану керек екеніне көз жеткіздік. Бұл ретте тәрбиенің оқуды өмірмен ұштастыру, сабақ үстіндегі берілетін білімді тәрбие жұмыстарында тереңдету, жастардың қоғамдық өмірге араласып, белсенділігін арттыру, өзіндік ізденістеріне шарт түзу, мектеп оқушыларының бойында тіні нық наным, сезім және әдет, дағдылар қалыптастыру; олардың маңызды қасиеттері мен қабілеттері, адамдық сапаларын дамыту;

Мектеп оқушыларының жас және жеке ерекшеліктері мен білім алу кезеңінде олардың педагогикалық санасы мен іс - әрекеті, сенімі, наным мен әдет-дағдылары стихиялы түрде, бір ғана өз тәжірибесі негізінде қалыптасуы мүмкін емес. Сол себепті арнайы педагогикалық бағыттылығын қалыптастырып дамытатын тәрбие жұмыстары болуы керек.

Педагогикалық оқулықтарда тәрбие жұмысының нәтижесінің тез арада көзге көріне қоймайтыны; оқушы мінез - құлық нормаларын білгенімен оны ұстанбауы; тұлға көзқарасының наным, сенімінің өзгеріп тұратыны секілді мәселелердің шешімінің жоқ екені белгіленеді. Біздің пікірімізше бұл мәселенің кейбір тұстарын тәрбиені білім қалыптастыру үрдісімен ұштастыру, тұлғаның іс - әрекеті мен наным, сенімін мамандыққа бағыттау жұмыстарымен байланыстыру арқылы біршама шешуге болады. Нақтылап айтсақ, тұлғаның болашақ мамандығын оның адамгершілік, құлықтық қасиеттерімен байланыстырып, қабілеттері мен сапаларын соған сәйкес дамытуды көздеу - сабақтан тыс тәрбие жұмысының арқауы болуы керек [3, 118].

Кәсіптік білім, арнайы білім, біліктер мен дағдылар қалыптастыру, әдістемесін меңгеруге бағытталса, жалпы білімі дүниеге көзқарасымен кәсібіне болған мәмілесін қалыптастыруға, оны болашақ мамандығымен байланыстыруға; мамандыққа бағыт беру өзін маман ретінде дамытып қалыптастыру, соған сәйкес қабілет, қасиеттерін дамыту, өзін - өзі тәрбиелеу және ізденуіне мүмкіндік береді. Осылардың барлығын зерделей келе, жалпы педагогикалық бағыттылықтың құрылымы, мазмұны және ұстанымдарын нақтылауға мүмкіндік берді.

Міне, бұл жерде де тәрбие жұмысы түгіл, сабақтың тәрбиелік қызметіне қатысты да пікірлер көре алмаймыз. Осыдан барып, оқытудың мазмұны ғана емес, колледж оқушыларының педагог мамандығына болған бағыттылығын қалыптастырудың, әдістері мен

тәсілдері, тәрбие жұмыстарының мазмұны мен іс-шараларды өткізу сипатына мән беру керек екені белгілі болды.

Мектеп оқушыларының педагогикалық бағыттылығын қалыптастыру үшін Бастапқы әскери дайындық мамандығына қызығуымен қатар осы мамандыққа байланысты іс - әрекет түрлеріне бейімділіктің де маңызы бар. Бұл мәселені кәсіптік тұрғыда қарастырсақ зерттеушілердің кейбіреулері мұны қызығу және бейімділікпен, ал кейбіреулері қызығу және қажеттенумен байланыстырады. Кәсіптік бағыттылықты қалыптастыру- тұлғаның сапасы әлеуметтік алғышарттарымен байланысты болумен бірге мамандыққа даярлауға бағытталған оқу-тәрбие үрдісінде басты орынға ие[4, 120]. Осыған орай зерттеушілер бірқатар педагогикалық ықпал ету жолдарының жүйесін ұсынады, мысалы, колледж оқушыларында еңбекке қызығуын дамыту, бейімділігін тәрбиелеу, қабілеттерін дамыту т.б. туралы айтылып келеді.

Қазіргі кезде жаңа оқу технологиясына өтуге байланысты, оқу үрдісін қайта құру мәселелерін шешуде оқушы жастарға тәрбие беру мәселесіне тиісті дәрежеде мән берілмей келеді. Айталық, кейінгі кезде жарық көрген жоғары мектеп және орта мектеп, колледждердің тұжырымдамаларында жастарға тәрбие беру туралы ерекше белгіленбеген. Бұларда тәрбие жұмысының кәсіптік және педагогикалық бағыттылығы туралы сөз қозғалмайды. Ал, біз жоғарыда келтірген ғалымдардың еңбектеріне мән беріп қарасақ, тәрбие жұмысы оқу үрдісінің жалғасы іспетті сабақ үстінде алған білім, біліктерін тереңдету, тандап алған мамандығына тән қабілеттері мен қасиеттерін дамытып қалыптастыруды көздеуі керек.

Сондықтан проблемалық оқыту барысында оқытушы оқу процесін оқушының білім алуға өз бетімен ізденуі логикасына неғұрлым жақындасатындай етіп ұйымдастырыл, белсенді таным процесі үшін барлық жағдай жасауы тиіс.

Сондықтан сабақта оқушыларды толғандыратын, ойлануға жетелейтін проблемалық жағдаяттар мен мәселелерді шешудің маңызы зор. Проблемалық жағдаяттарды нақты бастауыш мектеп практикасынан алу өте тиімді. Мұның өзі бұл сабақты мектепте өткізуді көздейді. Сол арқылы бүгінгі таңда жоғары сынып оқушыларына білім беруде кездесіп отырған қайшылықтар айқындалып, олардың шешімін табу жолдары іздестіріледі. Осылайша ұйымдастырылған сабақ мектеп мұғалімдерін де, оқушыларда де әдістеме ғылымының алдында тұрған проблемаларды көре біліп, оларды бірлесіп шешуге жетелейді.

Оқыту технологиясы мұғалімдердің эмпирикалық инновацияларын ескере отырып, оқыту үрдісін дұрыс, ұтымды басқаруды қарастырады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. –Астана. 2010ж.
2. А. Б Тасбулатов., Д.К.Майхиев., Е.Ж.Акимбаев., О.Ж.Мамырбаев Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқу құралы Алматы мектеп 2019.
3. Қазақстан Республикасының Әскери Доктринасы 29.09.2017ж.
4. Бастапқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі: Оқу - әдістемелік құралы. - Қарағанды, 2015.

Жакешев О.С.

КГУ «Жосалинская средняя школа- д/с» г.Актобе

## **ИНТЕГРАЦИЯ МЕЖПРЕДМЕТНЫХ СВЯЗЕЙ НА УРОКАХ НВИТП**

Интеграция — полезный и зачастую, недооцененный образовательный инструмент. Так, например, одна из главных задач, поставленных государственным образовательным